

«Қазақстанның жеңіл өнеркәсібі: қазіргі жай-күйі және өнімділігі жоғары бизнесті дамыту перспективалары» тақырыбына арналған парламенттік тыңдаудың ҰСЫНЫМДАРЫ

Жеңіл өнеркәсіпті одан әрі дамыту жөніндегі міндеттерді орындау мақсатында Парламенттік тыңдауға қатысушылар бұл мәселені жан-жақты қарастыра отырып, **ҰСЫНАДЫ:**

1. Шикізат базасын дамыту

1.1. Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрлігі:

1.1.1. арнайы экономикалық аймақтардың нормативтік құқықтық актілеріне тиісті қызметтердің қажетті басым түрлерін қоса отырып, шикізат пен жартылай дайындалған өнімдерді, салаларға арналған дайын өнімдерді шоғырландыруға бағдарланған жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары үшін арнайы экономикалық аймақтарда «кедендік эксаумақтық» қағидатын заңнамалық тұрғыдан айқындау жөніндегі норманы қарастырсын;

1.1.2. жүнді терең өңдеуді ұйымдастыру жөніндегі кәсіпорындар үшін «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының алаңын кеңейтсін.

1.2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, «Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Қорының Қағидаларында, сондай-ақ Жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алу қағидаларында жеңіл өнеркәсіп өніміне арналған жергілікті шикізат пен жартылай дайындалған өнімді шоғырландыру жөніндегі талаптарды нормативтік тұрғыдан бекітсін;

1.3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі:

1.3.1. егіс алаңдарын ұлғайтуды ынталандыру және негізгі техникалық дақылдарды, атап айтқанда, мақта мен зығырдың өнімділігін арттыру тетіктерін әзірлей отырып, жеңіл өнеркәсіпті дамыту үшін шикізаттық базаны дамыту жөніндегі шараларды қамтамасыз етсін;

1.3.2. отандық қайта өңдеушілерге шикізатты тапсыру үшін ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге қойылатын міндетті талаптарды тұжырымдасын;

1.3.3. отандық тоқыма кәсіпорындарына мақта шикізатын 15 % жеңілдікпен сату жөніндегі құқықтық нормаларды бекіту бойынша мүмкіндіктерді қарастырсын.

1.4. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі:

1.4.1. маусымаралық қорларды қалыптастыру мақсаттарына арналған кредиттерге қызмет көрсетуді субсидиялауды ендіру мүмкіндігін нормативтік тұрғыдан бекітсін;

1.4.2. жеңіл өнеркәсіптің өңдеу қуаттарын жүктеу және өнімнің өзіндік құнын азайту мақсатында фермерлерден кәсіпорындарға дейін тері мен жүнді жинау және сатып алу жүйелерін субсидиялау немесе ұзақ мерзімді арзан кредиттермен қамтамасыз ету мүмкіндігін қарастырсын.

2. Кадрлар дайындау

2.1. Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрлігі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, тәжірибелі өндірістік кәсіпорындардың базасында бизнестің шығындарын, оның ішінде ТЖКБ үшін мемлекеттік тапсырыс шеңберінде оқыту практикалық бөлігін ұйымдастыру шығындарын толыққанды өтеу тетігін айқындай отырып, салалық құзырет орталықтарын құру шараларын қабылдасын.

2.2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі:

2.2.1. жеңіл өнеркәсіп саласындағы мамандардың жай-күйін есепке ала отырып, еліміздің жоғары оқу орындарында кафедралар құру мүмкіндігін қарастырсын;

2.2.2. тоқыма және тігін өндірісіне техникалық, басқару және жұмысшы мамандықтары бойынша көшпелі оқу нысандарын және оқу бағдарламаларын ұсынатын кафедралар құруға білім беру ұйымдарының шығындарын жабу мүмкіндігін қарастырсын;

2.2.3. «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ-мен бірлесіп, шетелдік тағылымдамадан өту және магистратура бағдарламасы бойынша оқыту үшін жана мамандықтарды енгізу мәселелерін қарастырсын;

2.2.4. жеңіл өнеркәсіп саласына қатысты мамандықтар бойынша жоғарғы және ортадан кейінгі (колледждерде) білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқып келген мамандарды жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарында 3-жылдық міндетті жұмыспен өтеуді бекіту мүмкіндігін қарастырсын.

2.3. Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі саланың кадрлық жай-күйіне сапалы және сандық талдау жүргізісін және алынған ұсыныстардың нәтижелері негізінде Білім және ғылым министрлігіне жеңіл өнеркәсіп үшін кадр дайындаудың басым бағыттары мен оған қойылатын талаптар бойынша ұсыныстар әзірлесін;

3. Маркетинг және ғылыми зерттеу

3.1. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі:

3.1.1. отандық өнім мен брендтерді ішкі және сыртқы нарыққа ілгерілетуге бағытталған отандық жеңіл өнеркәсіп тауарларын өндірушілердің өнімдерін (бұйымдарды, костюмдерді, тоқыма бұйымдарын) бұқаралық

ақпарат құралдарында жариялау жөніндегі кешенді шараларды тұжырымдасын;

3.1.2. отандық өнімнің ұлттық брендтерін жарнамалау және ілгерілету мақсатында тұрақты жұмыс істейтін көрмелер мен көрме-сатуларды, тұрақты сән көрсетілімдерін, киім-кешек үлгілерінің фэшн-конкурстарын өткізуді ұйымдастыру жөніндегі шараларды қарастырсын.

4. Сапаны бақылау

4.1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

4.1.1. өнеркәсіп өнімдерінің, сондай-ақ қауіпсіздік талаптарына, сапа стандарттарына жауап бермейтін және Қазақстан Республикасының аумағындағы зияткерлік меншік құқығын бұзатын өнімдердің заңсыз айналымын шектеу жөніндегі шараларды одан әрі жақсартуды қамтамасыз етсін;

4.1.2. импорттаушы елдерге қатысты кешенді қарсы шаралар әзірлеу, сондай-ақ жеңіл өнеркәсіп саласындағы отандық тауар өндірушілердің тауарлар мен өнімдерді әкелуіне қатысты акциздер мен заңсыз шарттар қолданылған жағдайда әкелінетін өнімнің сапасына бақылауды күшейту мүмкіндігін қарастырсын.

4.2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп нысанына талаптарды бекіту туралы» № 26 бұйрығына ұлттық стандарттарға және ЕАЭО-ның Техникалық регламентіне міндетті сәйкестік талаптарын енгізу мүмкіндігін қарастырсын.

4.3. Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі денсаулыққа қауіпсіз материалдар мен отандық шикізатты пайдалану мақсатында ұлттық стандарттарда жеңіл өнеркәсіп тауарлары мен көрсетілетін қызметтерінің барлық топтары үшін талаптарды белгілесін.

5. Мемлекеттік қолдау. Мемлекеттік тапсырыс

5.1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

5.1.1. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жеңіл өнеркәсіп саласында сатып алуды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлесін, соның ішінде мыналар бойынша нормалар қамтылуы тиіс:

- 1) конкурс кезіндегі төменгі баға және басқа өлшемшарттар қағидатын жою;
- 2) консорциалдық жеткізу мен ұзақ мерзімді шарт жасау моделін енгізу;
- 3) барлық күштік ведомстволардың жеңіл өнеркәсіп өнімдерін алуына бірыңғай тәсілді заңнамалық тұрғыдан бекіту;
- 4) жеңіл өнеркәсіп саласында, оның ішінде шетелдік жеңіл өнеркәсіп саласында мемлекеттік сатып алуға қатысушылар үшін Қазақстанда өндірісі

жолға қойылған отандық шикізатты қолдану жөніндегі міндеттемелерді бекіту;

5) конкурсты өткізу және тапсырысты орналастырудың күнтізбелік мерзімін, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен ведомстволардың бұйымдарға ережелері мен талаптарын, сондай-ақ келісімшарт пен мемлекеттік тапсырыстың қолданылу кезеңін екі жылда бір реттен артық мерзімде қайта қарауға тыйым салуды қайта қарау.

5.1.2. Мемлекеттік индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы шеңберінде салынған кәсіпорындардың тоқтап қалуы мен банкрот болуын зерделеу және талдау үшін Мемлекеттік комиссия құрсын;

5.1.3. мемлекеттік тапсырыс алуға рұқсаты бар кәсіпорындардың бірігуін, кластерлер, консорциумдар құруды ынталандырсын.

5.2. Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрлігі:

5.2.1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігімен және жеңіл өнеркәсіп өнімдерін сатып алуды және олардың тапсырыстарын орналастыруды жүзеге асыратын басқа мемлекеттік органдармен, облыстардың және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, мемлекеттік-жекешелік әріптестік схемасы бойынша инвесторлар тарта отырып, жеңіл өнеркәсіпке отандық шикізатты шоғырландыру бойынша шаралар қабылдасын;

5.2.2. Ұлттық инвестициялық стратегияға жеңіл өнеркәсіп салаларын қызметтің басымдық берілген түрлеріне жатқызу және жеңіл өнеркәсіп үшін инвестицияның ең төменгі мөлшерін 1 миллионға дейінгі еселік айлық есептік көрсеткішті белгілеу бойынша өзгерістер енгізісін;

5.2.3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, басқа да мүдделі орталық мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен, «Самұрық-Қазына» ҰАҚ-мен бірлесіп, жеңіл өнеркәсіп өнімдерін жеткізуге жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының ірі өңірлік және өндірістік бірлестіктерімен ұзақ мерзімді шарттарды тікелей жасасудың тетіктерін әзірлесін және қолданысқа енгізісін;

5.2.4. саланы тиімді дамыту, сондай-ақ отандық жеңіл өнеркәсіпте іскерлік белсенділікті қолдау үшін жаңа табысты кәсіпорындар құру және ашуға көмек көрсету мақсатында Жеңіл өнеркәсіп жөніндегі құзыреттер орталығын құру мүмкіндігін қарастырсын;

5.2.5. отандық өнімге басымдық бере отырып, мүмкіндігі шектеулі азаматтарды жеңіл өнеркәсіп тауарларымен (ортопедиялық аяқ киім және т.б.) қамтамасыз ету тетігін қайта қарасын.

5.2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі отандық тауарлармен тең жағдайда мемлекеттік тапсырысқа қатысуға рұқсат етілетін шетелдік тауарлар аясында ұлттық режимнен (Мемлекеттік сатып алу туралы Заң) алып тастауға жататын жеңіл өнеркәсіп тауарларының тізбесін айқындап, бекітсін.

5.4. Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі:

5.4.1. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы «Биржалық тауарлар тізбесін бекіту туралы» № 142 бұйрығынан жеңіл өнеркәсіп тауарларының тізбесін алып тастасын;

5.4.2. Қаржы министрлігімен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, отандық және импортталатын тауарларға үстеме сауда бағасын (кедендік декларациядағы баға мен ішкі нарықтағы өткізу бағасының сәйкестігі) реттеу тетігін әзірлесін.

5.5. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі:

5.5.1. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-мен бірлесіп коммерциялық банктер қарыз алушыларға беретін кредиттерді қайта қаржыландыру тетігін жасауды қамтамасыз етсін;

5.5.2. маусымаралық қорларды қалыптастыру мақсаттарына арналған кредиттерді өтеуге қызмет көрсетуді субсидиялауды, кредиттер бойынша пайыздар төлеуге, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың техникалық базасын жаңарту жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған субсидияларды, жабдықтармен қамтамасыз етуге арналған лизингтік ұйымдардың шығыстарын қаржыландыруды енгізу мүмкіндігін көздесін;

5.5.3. фискальдық және қаржы құралдары арқылы жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарында өндірісті цифрландыру процесін ынталандыру, қалдықтарды тазартудың және кәдеге жаратудың жаңа технологияларын ендіру, энергия үнемдеу технологияларын жасау, жаңартылған энергия көздерін пайдалану мүмкіндігін қарастырсын;

5.5.4. мемлекеттік қолдау шараларын алуға құқығы бар кәсіпорындарға нақты, оның ішінде кәсіпорынның қызмет ету мерзімі 5 жылдан кем болмауы, кәсіпорын ретінде, сол секілді оның құрылтайшыларының да мүлтіксіз іскерлік беделі, мамандардың біліктілік деңгейі, цифрландыру деңгейі және т.б. сияқты нақты өлшемшарттар әзірлесін;

5.5.5. ішкі нарықты қорғау және өз өнімінің бәсекеге қабілеттілігін қолдау мақсатында отандық жеңіл өнеркәсіп өндірушілері үшін сауда алаңдарын жалға алуды субсидиялау мүмкіндігін қарастырсын.

6. Өткізу және контрабандаға қарсы іс-қимыл

6.1. Қазақстан Республикасының Үкіметі кеден органдарының қызметіне және тауарлар мен жүктерді ресімдеудің кедендік рәсімдерін негізсіз созғаны үшін, оның ішінде жауапты мемлекеттік адамдардың әрекеті немесе әрекетсіздігі салдарынан зардап шеккен заңды және жеке тұлғаларға тұрақсыздық айыбын (өтемақы) төлеу арқылы олардың жауапкершілігіне бақылауды күшейтсін.

6.2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

6.2.1. Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) техникалық талаптарына сәйкес келмейтін әкелінетін өнімдерді бақылауды күшейту жөніндегі шараларды қабылдасын, жеңіл өнеркәсіптің қауіпсіз емес өнімдерін мәжбүрлеп алып қою және барлық алып қойылған жеңіл өнеркәсіптің қауіпсіз емес өнімдерінің партиясын жою рәсімдерін енгізсін;

6.2.2. жеңіл өнеркәсіп өнімдері бағасы мен сапасының ашықтығын, олардың сапа стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ететін жеңіл өнеркәсіп өнімдерін декларациялау тәртібін қайта қарасын, сондай-ақ жеңіл өнеркәсіптің әкелінетін өнімінің әрбір бірлігіне салық салуды қамтамасыз етсін;

6.2.3. түгендеді (талдауды, сараптама жасауды) жүргізсін және кеден заңнамасын, кедендік рәсімдерді, контрафактілі өнімдердің ағынын тоқтату және кедендік реттеу мен бақылаудың ашық және тиімді тетігін құру мақсатында шикізатқа, құралдарға, фурнитураға, әрлеу материалдарына кеден алымдарының мөлшерлерін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды енгізсін.

6.3. Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі:

6.3.1. аяқ-киім және тігін өнімдеріне таңбалау жүйесін ендіруді, оның ішінде тауардың ішкі бет жағына өндірушіні және тауардың дайындалған жерін көрсету бөлігінде мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жеткізілетін маталар мен былғарыны таңбалау жүйесін ендіруді қамтамасыз етсін;

6.3.2. импорт пен өндірістің «көлеңкелі сегменттерін» анықтау және заңдастыру бойынша іс-шаралар (әкелінетін өнімнің қауіпсіздігін бақылау жүйесін, өнімді заңсыз әкелгені үшін жазаны өзгерту жөніндегі сапалық бастамаларды және басқаларды қоса алғанда) жүргізуді қамтамасыз етсін;

6.3.3. шығарылатын өнімнің сапасын растау үшін аккредиттелген, заманауи сынақ зертханаларын құру жөніндегі мүмкіндікті қарастырсын; қауіпсіздік сертификатын, СТ-1 нысаны бойынша сәйкестік сертификатын алу үшін кеден бекеттерінде сертификаттау орталықтарын құрсын;

6.3.4. отандық өндірушілерді кешенді қолдау жүйесін әзірлесін және Сауда саясатын дамыту орталығы арқылы қажетті ақпаратты ұсына отырып, шет мемлекеттердің жеңіл өнеркәсіп өнімдеріне қойылатын талаптары нысанасына жеңіл өнеркәсіп салалары бойынша елдерге қатысты талдау жүргізсін;

6.3.5. Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелігі шеңберінде кедендік-тарифтік реттеуді синтетикалық және жасанды шикізат тарифтерін өзгерту бөлігінде жеңіл өнеркәсіп өнімін өндіруге арналған шикізат нарығын жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындасын;

6.3.6. отандық өнімдердің бәсеке қабілеттілігін арттыру, өнеркәсіпті жаңғырту, өнімдер мен оларды өндіру процестерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, орын алып жатқан интеграциялық процестер жағдайында елдің сыртқы экономикалық мүдделерін қорғау мақсатында техникалық реттеу жүйесін құрсын.

7. Шағын және орта бизнесті дамытуға қатысты мемлекеттік саясатты қайта жүктеп қосу

7.1. Қазақстан Республикасының Үкіметі нақты индикаторлар мен іске асыру тетіктерін айқындай отырып және қол жеткізілетін аралық, соңғы

нәтижелерді белгілей отырып, ұзақ мерзімді кезеңге арналған жеңіл өнеркәсіпті дамыту жөніндегі жеке мемлекеттік стратегияны немесе тұжырымдаманы әзірлесін;

7.2. Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігімен, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, өңірлерде пилоттық жобаларды іске асырудың Жол картасын бекіте отырып, Бағдарламалық МЖӘ әзірлеуді қамтамасыз етсін;

7.3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігімен, Сауда және интеграция министрлігімен бірлесіп жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарын құру мен дамытуға бағытталған инвестициялық жобаларды іске асыру үшін қайтарымды негізде 10 жылға дейінгі мерзімге кредиттік ресурстар негізінде қаржыландыру құралдарын әзірлеу және бекіту бойынша шараларды қабылдасын. Әзірлеу кезінде осы сала өкілдерінің және бизнес құрылымдары өкілдерінің қатысуын қарастырсын;

7.4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

7.4.1. мемлекеттік сатып алудың жылдық бюджетінің кемінде 30 %-ін шағын және орта бизнес субъектілеріне беру бөлігінде тиісті нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастырсын;

7.4.2. шағын және орта бизнес субъектілерін тұрақты немесе уақытша негізде бірқатар алымдардан, соның ішінде жерге, сертификаттарды алуға және т.б. ресімдегені үшін алымдардан босату мүмкіндігін қарастырсын.

8. Жеңіл өнеркәсіп салаларын әкімшілендіру

8.1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

8.1.1. еліміздің жеңіл өнеркәсібінде қалыптасып отырған жағдайды жақсарту және міндеттерді шешудің тетігі мен салада кешенді, жүйелі шаралар қабылдауды айқындау қажеттілігіне байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің жанынан Жеңіл өнеркәсіпті дамыту жөніндегі комитетті құрсын;

8.1.2. жеңіл өнеркәсіпті нығайту мен дамыту жөніндегі шешімдерді қабылдаудағы және міндеттерді іске асыруда орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың іс-қимылының тұрақты негізде келісіліп отыруын қамтамасыз етсін;

8.1.3. жеңіл өнеркәсіптің барлық кіші салаларына мемлекеттік қолдаудың іс-шараларын іске асыру мақсатында комиссияның құрамына мүдделі уәкілетті мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, квазимемлекеттік сектордың, қаржы институттарының, бизнес субъектілерінің өкілдерін енгізе отырып, жеңіл өнеркәсіп мәселелері бойынша ведомствоаралық комиссия құрсын;

8.1.4. Қазақстан Республикасының барлық аумағында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, өңірлерде нарық сұранысының өнімдерін шығаруға арналған жаңа өндірістерді жаңғырту және ашу жөніндегі инвестициялық

жобаларды ынталандыру мақсатында жекелеген мемлекеттік органдар мен ведомстволарда барлық өңірлердегі жеңіл өнеркәсіп саласымен жұмысты үйлестіру және жұмыс істеу бойынша құрылымдар құрсын;

8.1.5. тауарлардың сапасын бақылау функциялары күшейтілсін, санитариялық-гигиеналық нормативтерге, техникалық регламенттерге және стандарттарға сәйкес келмейтін тауарларды өткізгені үшін жауаптылықты қатаңдатсын;

8.1.6. CN-KZ сертификатын (тауардың шығарылған жері туралы сертификат) және индустриялық сертификатты рәсімдеу, куәландыру және беру рәсімдерін мемлекеттік органның қарауына қайтару мүмкіндігін қарастырсын;

8.1.7. отандық және шетелдік тауарларды міндетті түрде таңбалауды енгізісін, тауарларды шығарғанға дейін де (кедендік бақылау аймағында), тауарларды шығарғаннан кейін де зертханалық сынақтар жүргізу үшін өнімдерді іріктеуді жүзеге асырсын. Техникалық регламенттерге сәйкес келмейтін тауарларды алып қойсын және жойсын;

8.1.8. жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заңсыз және адам денсаулығына қауіпті импортталатын өнімдердің әкелінуін шектеу мақсатында өнімдердің сынақтардың толық спектріне сәйкестігін анықтауға арналған аккредиттелген сынақ зертханаларының санын ұлғайтсын;

8.1.9. шығарылатын өнімдерді біріздендіру және олардың сапасын арттыру мақсатында өнім сапасының ұлттық стандарттарын осыған ұқсас халықаралық стандарттарға сәйкес келтірсін және қағидалардың сақталуына қатаң бақылау белгілесін;

8.1.10. нақты талдау жүргізісін және халықаралық тәжірибені ескере отырып, соның ішінде тариф құру тетігін жетілдіру арқылы транзиттік тасымалдау көлемін арттыру бойынша ұсыныстар берсін;

8.1.11. өзін-өзі реттейтін ұйымдармен бірлесіп, тұрақты негізде өзін-өзі реттеудің негізгі мақсаттарымен жұмыс жүргізісін, олар:

1) отандық тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

2) экономиканың отандық салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

3) нарыққа қатысушылардың тұтынушылардың алдындағы жауапкершілігін күшейту.

8.1.12. бірлескен кәсіпорындардың пайда болуы үшін қолайлы жағдайлар жасасын;

8.1.13. логистикаға шығындарды азайту бойынша шараларды қабылдасын;

8.1.14. елде және оның шегінен тыс жерлерде ұлттық брендтер жасауды және ілгерілетуді қолдау жасасын.

8.2. Қазақстан Республикасының Үкіметі, барлық орталық және жергілікті мемлекеттік органдар:

8.2.1. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының жанынан құрылған Агроөнеркәсіптік кешенді, жеңіл өнеркәсіпті және химия өнеркәсібін дамыту жөніндегі кеңеспен тығыз өзара іс-қимыл жасасын;

8.2.2. шағын және орта бизнес субъектілеріне қолдау көрсету мақсатында бәсекелестікті күшейтуге, монополия мен әкімшілік кедергілерді жоюға, қаржы ресурстарына қолжетімділікті жақсартуға және ойластырылған фискальдық саясат жүргізуге және өзін-өзі реттейтін ұйымдарды дамытуға ықпал етсін;

8.2.3. жеңіл өнеркәсіп саласының жағдайына тұрақты түрде мониторинг жүргізсін және туындаған проблемалық мәселелерге уақтылы ден қою мақсатында кәсіпкерлердің салалық бірлестіктерімен үнемі диалог жүргізсін;

8.2.4. тиімді салааралық байланыстарды құруға, жұмысқа жергілікті банктер мен қаржы құрылымдарын тарта отырып өңірлік сауда палаталарын құруға қолдау жасасын.

Результаты согласования

27.04.2020 10:29:40: Султанкулова Ж. К. (Отдел по взаимодействию с комитетом по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству) - - согласовано без замечаний

27.04.2020 10:30:28: Жаксымбетов Ж. П. (Редакционно-издательский отдел) - - согласовано без замечаний

27.04.2020 10:32:57: Уакпаев М. С. (Руководство Аппарата Сената) - - согласовано без замечаний

27.04.2020 10:33:18: Амрин А. К. (Руководство Аппарата Сената) - - согласовано без замечаний

Результат подписания

27.04.2020 10:37:14 Назарбаева Д. Н.. Подписано